

«БЕКІТЕМІН»

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және спорт
министрлігі Спорт және дене
шынықтыру істері комитетінің
төрағасы



С. Ергалиев

2023 ж.

2023 жылға арналған Қазақстан Республикасының чемпионаттары және тас жолдағы велосипед спорты бойынша республикалық жарыстар туралы ереже

«КЕЛІСІЛДІ»

«Қазақстанның велосипед
спорты федерациясы» РҚБ



А. Кунакбаева

2023 ж.

1. Спорттық жарыстардың атауы

- 1.1 Ерлер, әйелдер арасындағы Қазақстан Республикасының қысқы чемпионаты
- 1.2 Юниорлар мен юниор қыздар арасындағы Қазақстан Республикасының қысқы чемпионаты
- 1.3 Юниорлар арасындағы көпкүндік жарыстан Қазақстан Республикасының чемпионаты
- 1.4 Юниор қыздар арасындағы көпкүндік жарыстан Қазақстан Республикасының чемпионаты
- 1.5 Критериум бойынша ерлер, әйелдер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты
- 1.6 Критериум бойынша юниорлар, юниор қыздар арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты.
- 1.7 Ерлер арасындағы көпкүндік жарыста Қазақстан Республикасының чемпионаты (юниорларға рұқсат)
- 1.8 Элита арасындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық чемпионаты.
- 1.9 19-22 жасқа дейінгі жастар арасындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық чемпионаты.
- 1.10 Юниорлар, юниор қыздар арасындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық чемпионаты (жеке, топтық жарыс).
- 1.11 Жұптық, командалық жарыстағы Қазақстан Республикасының Чемпионаты (юниорлар, юниор қыздар)
- 1.12 15-16 жас аралығындағы ұлдар мен қыздар арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты
- 1.13 13-14 жас аралығындағы ұлдар мен қыздар арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты
- 1.14 А. Құнанбаевқа – «Абай жолы» арналған көпкүндік жарыс, Қазақстан Республикасының чемпионаты, ерлер (юниорларға рұқсат)
- 1.15 15-16 жас аралығындағы ұлдар мен қыздар арасында көпкүндік жарыстан Қазақстан Республикасының чемпионаты
- 1.16. Ерлер мен әйелдер арасындағы Қазақстан Республикасының Кубогы (юниорлар мен юниор қыздарға рұқсат).

2. Мақсаттары мен міндеттері

Тас жол жарыстарындағы велосипед жарыстары келесі мақсаттарда өткізіледі:

- велоспортты және оның түрлерін насихаттау;
- жол жарысында велоспорттың бұқаралық сипатын одан әрі дамыту және спортшылардың спорттық шеберлігін арттыру;
- Қазақстан Республикасының спорт ұйымдарының тас жол велоспортты дамыту бойынша жұмысының қорытындысын шығару;

ЖС

- Қазақстан Республикасының Ұлттық құрама командаларына алу үшін болашағы зор спортшыларды іріктеу және анықтау;
- рейтингтік халықаралық жарыстарға, Әлем және Азия Кубоктарына, Азия чемпионатына, Азия ойындарына, Әлем чемпионатына қатысу үшін еліміздің ең мықты жүйріктерін дайындау және іріктеу.

3. Спорттық жарыстың өтетін орны мен күні

№	Күндер	Өткізу жері	Спорттық шаралардың атауы
1	22.03-26.03. 2023ж	Түркістан облысы Шымкент қ.	Ерлер, әйелдер арасындағы Қазақстан Республикасының қысқы чемпионаты.
2	22.03-26.03. 2023ж	Түркістан облысы Шымкент қ.	Юниорлар мен юниор қыздар арасындағы Қазақстан Республикасының қысқы чемпионаты.
3	11.04-16.04.2023 ж	Қызылорда қ.	Көпкүндік жарыстан юниорлар арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты
4	19.04-22.04.2023 ж	Қызылорда қ.	Юниор қыздар арасындағы көпкүндік жарыстан Қазақстан Республикасының чемпионаты.
5	08.05-09.05.2023 ж	АО, Талғар қ	Ерлер мен әйелдер арасындағы Критериумнен ҚРЧ
6	08.05-09.05.2023 ж	АО, Талғар қ	Юниорлар мен юниор қыздар арасындағы Критериумнен ҚРЧ
7	26.05-30.05.2023 ж	ШҚО. Өскемен қ	Ерлер арасындағы Қазақстан Республикасының тау чемпионаты (юниорларға рұқсат)
8	19.06-25.06.2023 ж	Талдықорған қ. ЖТО.	Ерлер, әйелдер, андерлер арасындағы Қазақстан Республикасының Спартакиадасы (жеке, топтық жарыс, аралас командалық эстафета ((юниорлар мен юниор қыздарға рұқсат)). Элита арасындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық чемпионаты. 19-22 жастағы андырлер арасындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық Чемпионаты. Паралимпиадашылар арасындағы ҚРҰЧ.
9	19.06-25.06.2023 ж	Талдықорған қ ЖТО.	Командалық эстафета бойынша Қазақстан Республикасының чемпионаты (ерлер/әйелдер), рұқсат беріледі (юниорлар, юниор қыздар).
10	19.06-25.06.2023 ж	Талдықорған қ ЖТО.	Юниорлар мен юниор қыздар арасындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық чемпионаты (жеке, топтық жарыс)
11	19.06-25.06.2023 ж	Талдықорған қ. ЖТО.	Жұптық, командалық жарыстан Қазақстан Республикасының чемпионаты (юниорлар, юниор қыздар)
12	03.07-09.07. 2023ж	Петропавл қ. СҚО	13-14 жас аралығындағы ұлдар мен қыздар арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты
13	03.07-09.07. 2023ж	Петропавл қ. СҚО	15-16 жас аралығындағы ұлдар мен қыздар арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты

14	19.08-27.08.2023 ж	ШҚО, Өскемен қ.	А.Құнанбаевқа арналған – «Абай жолы» көпкүндік жарыстан Қазақстан Республикасының чемпионаты (жоғары юниорларға рұқсат) Ерлер
15	18.09-23.09.2023 ж	Талдықорған қ. ЖТО.	15-16 жастағы жасөспірім ұлдар мен қыздар арасындағы көпкүндік жарыстан Қазақстан Республикасының чемпионаты
16	11.10-15.10.2023 ж	Шымкент қ. Түркістан обл.	Ерлер мен әйелдер арасындағы Қазақстан Республикасының Кубогы (2005-2006 ж.т юниорлар мен юниор қыздарға рұқсат).

4. Спорттық жарысты өткізу жүйесі

Тас жолда велоспорт бойынша жарыстар Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитетімен, Халықаралық велоспорт одағының (UCI) және «Қазақстанның велоспорт федерациясы» РҚБ жарыстарын өткізу ережелеріне сәйкес «Қазақстан Республикасының Спортты дамыту дирекциясы» МКҚК-мен, «Қазақстан Велоспорт федерациясы» РҚБ келісілген, тас жол велоспорт бойынша 2023 жылға арналған бұқаралық спорттық іс-шаралардың бірыңғай республикалық күнтізбесіне сәйкес өткізіледі.

Жарыстарды ұйымдастыру мен өткізуді бақылау мен жалпы нұсқаулықты Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті және «Қазақстан велоспорт федерациясы» жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының чемпионаттары мен Қазақстан Республикасының Кубоктарын өткізу жарыс өтетін жердегі жергілікті уәкілетті спорт ұйымдарына жүктеледі. Жарысты тікелей өткізу ұйымдастыру комитеті мен «Қазақстан велоспорт федерациясы» бекіткен төрешілер алқасына жүктеледі.

Жарыстарды дайындау және ұйымдастыру, оның ішінде спортшылар үшін, сондай-ақ қатысушыларды және командалардың төрешілерін қабылдау, орналастыру, қайтарып жіберу жауапкершілігі облыстық спорт басқармаларына, республикалық маңызы бар Алматы, Астана және Шымкент қалаларының жарыс өтетін жердегі спорт басқармаларына жүктеледі.

Ұйымдастыру комитеті төрешілер алқасымен бірге олар қатысушылардың тізімі нақтыланғаннан кейін, сондай-ақ форс-мажорлық, техникалық, ауа райы және басқа да жағдайларға байланысты жарыс бағдарламасына өзгерістер енгізуге құқылы және бұл туралы командалардың өкілдерімен бірге төрешілер құрамы алқа отырысында хабарлайды.

Спорттық шараларды тарату құқығы Қазақстан велоспорт федерациясына тиесілі.

5. Қатысушы ұйымдар

Қазақстан Республикасының тиісті әкімшілік-аумақтық бірлігінің, республикалық маңызы бар Астана, Алматы, Шымкент қалаларының спортшылары, командалары мен клубтары Қазақстан Республикасының чемпионаттарына және Қазақстан Республикасының Кубоктарына қатысады. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті бекіткен тас жолда велоспорт бойынша 2023 жылға арналған бұқаралық спорттық іс-шаралардың бірыңғай республикалық күнтізбесі бекітілді.

Бір командадан артық қатысуға болады, бірақ жарысқа қатысушылар санына міндетті шектеумен (150 спортшыдан аспайды) рұқсат етіледі.

Шетелдік спортшылардың (UCI лицензиясы) Қазақстан Республикасының ашық чемпионаттарына және ашық Республикалық жарыстарына қатысуына рұқсат етіледі. Республикалық жарыстарға қалалардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың Алматы, Астана, Шымкент, СШЖМ, СРК, БЖСМ, ОҚАБЖСМ, спорт мектеп-интернаттарының, спорт колледждерінің, спорт клубтарының командалары қатысады.

Ерлер-әйелдер элиталық топтарына (23 жасқа дейінгі ерлер-әйелдер және 17-18 жас юниорлар, юниор қыздарға қатысуға рұқсат етіледі, 15-16 жас аралығындағы ұл-қыздарға юниорлар тобына қатысуға рұқсат етіледі. Қазақстан Республикасының спартакиадасын өткізу кезінде ерлер-элита санатында

командалар өкілдерінің өтініміне сәйкес 19-22 жастағы (23 жасқа дейінгі ерлер) андерлерге жол беріледі. Бұл жарыстарда Элита және Андера санаттарындағы жеңімпаздар мен жүлдегерлерді жалпы анықтау жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының спартакиадасын өткізу кезінде:

- Жеке жарыс (ерлер, андерлер) үздік уақытша нәтижелер бойынша бірыңғай жеңімпаз және жүлдегерлер анықталады. Сонымен қатар, әр санаттағы Қазақстан Республикасы Ұлттық чемпионатының жеңімпаздары мен жүлдегерлері –Элита, андерлер анықталады.

- Топтық жарыс-қатысушылардың бірыңғай тобын (Элита мен андерлер) аяқтау нәтижелері жеңімпаз және жүлдегер деп танылады. Сонымен қатар, әр санаттағы Қазақстан Республикасы Ұлттық чемпионатының жеңімпаздары мен жүлдегерлері –Элита, андерлер анықталады

Элитаның кәсіби клубтарының атынан қатысатын Андер шабандоздары Қазақстан Республикасының Ұлттық чемпионатында Андер санатында өнер көрсете алмайды.

Элита - әйелдер санаттарына 23 жасқа толмаған әйелдер рұқсат етіледі. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді бөлек анықтау жүргізілмейді. Юниорлар мен юниор қыздар тек өз санаттары бойынша қатысады. Қазақстан Республикасының Ұлттық чемпионатын өткізу кезінде жасөспірімдер ұлдар мен қыздарға қатысуға рұқсат етілмейді.

Қазақстан Республикасының чемпионаттарын өткізу кезінде ерлер-әйелдер санаттары аралығында 17-18 жас юниорлар-юниор қыздарға қатысуы рұқсат етіледі. Юниорлар мен юниор қыздар санатында сәйкесінше 2005 жылы туған ұлдар мен қыздарға рұқсат етіледі, кемінде 1 разряд санаты болуы шарт.

Қазақстан Республикасының чемпионаттарында жарыстарды өткізу кезінде төрешілер командасы жарысты ұйымдастырушылармен бірлесіп, спортшыларды қашықтық бойынша артта қалуына байланысты жарыстан шығару туралы ұсыныс енгізеді және төрешілер алқасының отырысында бірге олардың шешімін хабарлайды. команда өкілдерімен.

Жасөспірімдер ұлдар мен қыздарға ерлер мен әйелдердің элиталық топтарындағы жарыстарға қатысуға тыйым салынады.

Қатысушы командалар жарыс кезінде бірдей спорт формада қолдануы міндетті, оның үлгісі мандаттық комиссияның төрағасына мандаттық комиссиядан өту кезінде ұсынылуы тиіс. Жұптық, командалық жарыстарды және көп күндік жарысты қоспағанда, Continentalteams, ProTeams, WorldTeams кәсіби командаларымен келісімшарттары бар жарысшылардан басқа.

Жарысқа облыстардың, республикалық маңызы бар Астана, Алматы, Шымкент қалаларынан бірнеше команда қатыссаалады, командалардың жейдесінде ерекше белгілері (логотиптері) болуы керек.

Спортшылардың Қазақстан Республикасының Чемпионаттарына, Қазақстан Республикасының Кубоктарына және республикалық жарыстарына Қазақстан Республикасының ұлттық спортформамен қатысуына тыйым салынады.

Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген клуб мүшелеріне Қазақстан Республикасының чемпионаттарында, Қазақстан Республикасының Кубоктарында және республикалық жарыстарда клуб, оның ішінде КВСФ аккредитациясын алған әуесқой клуб түрінде өнер көрсетуге рұқсат етіледі. Клуб формасы Қазақстандық велосипед спорты Федерациясында ағымдағы күнтізбелік жылға тіркелуі тиіс.

Велосипедтер мен жабдықтар UCI техникалық және қауіпсіздік ережелеріне сәйкес болуы керек.

Жарысқа өз лауазымы көрсетілген жарамды лицензиясы бар спортшылар, команда өкілі, жаттықтырушылар, механиктер, сондай-ақ жарыста команданың міндетін атқарушы және ілесіп жүретін тұлғалар жіберіледі. Лицензияларды Қазақстан велоспорт федерациясы оның дизайны мен өндірісі үшін ақы төлегеннен кейін, сондай-ақ келесі құжаттарды ұсынған кезде береді:

1. Жалпы сақтандырумен ағымдағы жылдың 1 қаңтарынан 31 желтоқсанына дейін жарамды ережелерге сәйкес спорттық медициналық сақтандыру;

2. Фото (3x4 өлшемді) – электронды нұсқасы (фотосурет өтінім берілгенге дейін 6 айдан аспайтын мерзімде түсірілуі тиіс);

3. Медициналық мекеменің мөрі, шығыс нөмірі, берілген күні және спортшының велоспортпен айналыса алатыны міндетті түрде көрсетілген дәрігер мөрі бар медициналық анықтама;

4. Паспорт (халықаралық жарыстарға шетелге шығатын тұлғалар үшін);

5. Жеке куәлік немесе туу туралы куәлік (республикалық лицензия алу үшін);

6. Жаттықтырушы тобына қабылдау туралы бұйрықтың (бұйрықтан үзінді көшірме) спорт ұйымының бланкісінде басшының қолымен және спорт ұйымының мөрімен расталған көшірмесі;

7. Гемо топқа қан анализі (гемоглобин, гематокрит, тестостерон), Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде жарыстарға қатысатын спортшылар тапсырады.

- Қан анализі 1 айға жарамды.

- Күндізгі құрама командалардың мүшелері Республикалық спорт диспансерінде тексеруден өтеді.

8. Лицензияға өтініш – толтырылған, күні қойылған және өтініш беруші қол қойған (өтініш нысаны КВФС веб-сайтынан жүктелген: www.cycling.kz).

UCI-дан төленбеген айыппұлдар, шеттету және дисквалификация болған жағдайда лицензия берілмейді.

Лицензия алу үшін жасөспірім және одан жоғары жастағы әрбір спортшы және барлық спорт қызметкерлері допингке қарсы онлайн курстан өтіп, тиісті сертификат алуы керек. (Оқу бөліміне және онлайн курсқа сілтемелер: <https://qaznado.triagonal.net/online/login/index.php>).

Спорттық іс-шараға қатысу үшін шетелге барған кезде спортшылар мен команда өкілдері шетелге шығу үшін қосымша спорттық медициналық сақтандыру алуға міндетті.

6. Спортшылардың, жаттықтырушылардың, төрешілердің және басқа да қатысушылардың сандық құрамы.

Әр жарысқа жас санаттары бойынша 6 спортшыларға рұқсат беріледі, 1-жаттықтырушы, 1-механик, 1-өкіл. Жарысқа облыс, Астана, Алматы, Шымкент қалаларынан, республикалық маңызы бар қалалардан бір командадан артық қатыса алады.

19-22 жас аралығындағы ерлер мен жасөспірімдер арасындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық чемпионатына жекелей жарыста әр облыстан, республикалық маңызы бар Астана, Алматы, Шымкент қалаларынан 2 спортшы жіберіледі.

Командалық эстафетада 3 ер және 3 әйел адамнан тұратын MIX командасы қатысады (17-18 жас аралығындағы юниорлар мен юниор қыздарға рұқсат етіледі)

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитеті бекіткен 2023 жылға арналған Бұқаралық спорттық іс-шаралардың бірыңғай республикалық күнтізбесіне енгізілген барлық жарыстарда қатысушы командаларда **бір команда өкілі, қатысушылардың қауіпсіздігіне, өмірі мен денсаулығына жауапты, техникалық жарамды алып жүру көлігі бар жаттықтырушы, 1 (бір) механик болуы керек.**

Жарыстарға қатысатын ұлдар мен қыздар санаттарында уақытты сынауға арналған арнайы керек-жарақтар мен жабдықтарды (аэродинамикалық: велосипедтер, рульдер, дискілі, жоғары профильді қалақшалы дөңгелектер мен каскалар) пайдалануға тыйым салынады.

Чемпионатына 15-16 жас аралығындағы ұлдар мен қыздар арасындағы көпкүндік жарыста Қазақстан Республикасының 6 спортшыдан тұратын командаларға ғана рұқсат етіледі (кемінде 4). Жарысқа облыс, Астана, Алматы, Шымкент, республикалық маңызы бар қалалардан бірнеше команда қатыса алады.

Қазақстан Республикасының аумағында өткізілетін барлық жарыстарда беріліс қатынасы: 15-16 жас, 13-14 жас аралығындағы ұлдар мен қыздар үшін - 50 x 14-тен аспауы керек.

7. Спортшының жынысы мен туған жылы

Жарысқа 5 жас тобындағы командалар қатыса алады, жарыс бағдарламасына сәйкес:

ЖАСЫ	ТУҒАН ЖЫЛ
Элита ерлер	2000 және одан үлкен
Элита әйелдер	2000 және одан үлкен
Андера ерлер 19-22 жас	2001, 2002, 2003, 2004 жж
Андера әйелдері 19-22 жас	2001, 2002, 2003, 2004 жж
17-18 жас аралығындағы юниорлар	2005 -2006ж
17-18 жас аралығындағы юниор қыздар	2005 -2006ж
15-16 жас аралығындағы ұлдар	2007- 2008 ж
15-16 жас аралығындағы қыздар	2007- 2008 ж
13-14 жас аралығындағы ұлдар	2009- 2010 ж

Төрешілер алқасы осы кезеңде осы санат бойынша жарыстар болмаған жағдайда, бір санаттағы кіші спортшыларды қабылдау туралы шешім қабылдауы мүмкін. Спортшыларды үлкен жас санатына қабылдау туралы тиісті медициналық анықтама болған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

8. Нәтижелерді бағалау жүйесі

Жеңімпазды мәре сызығында анықтау үшін фотофиниш жабдықталып, электронды жазу қондырғысы орнатылады. Мәреге төреші белгілеген жарысшылардың мәреге келу реті жеңімпазды, жүлдегерлерді және әртүрлі классификациялар бойынша ұпайларды анықтау үшін негіз болып табылады.

Жеке, командалық көрсеткіштер мен рейтингтерді анықтау шарттары.

Қазақстан Республикасының барлық чемпионаттарында, Қазақстан Республикасының Кубоктарында, Республикалық жарыстарда қатысушылар **№ 1 Қосымшадағы** ұпайлар кестесіне сәйкес ұпай алады.

UCI рейтингінде жарысшылар жинаған ұпайлар 5 коэффициенті бар барлық санаттар үшін UCI ұпайлар шәкіліне сәйкес республикалық рейтингке есептеледі.

Ағымдағы ұпайлар жарыстан жарысқа, жылдың соңына дейін жас топтары бойынша жеке жүргізіледі:

- ерлер - әйелдер (соның ішінде андерлер 19-22 жас);
- 17-18 жас аралығындағы юниорлар-юниор қыздар;
- 15-16 жас аралығындағы ұлдар мен қыздар;
- 13-14 жас аралығындағы ұлдар мен қыздар;

Жоғары жарысшылардың рейтингі **№ 2 қосымшадағы** кесте бойынша 2023 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде барлық жарыс түрлері бойынша жинаған ұпайларының қосындысы бойынша анықталады.

Аймақтық рейтинг тиісті аймақтағы барлық жарысшылардың жинаған ұпайларының қосындысы бойынша анықталады.

Алматы, Астана, Шымкент қалалары, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар арасындағы жарыстардағы командалық есеп жеңіп алған медальдар санына қарай анықталады. Төрешілер алқасына қорытынды хаттамаға облыстардың, Алматы, Астана, Шымкент қалаларының командалық есебін енгізу міндеті жүктелді.

Қазақстан Республикасы чемпионатында 15-16 жас және 13-14 жас аралығындағы ұл-қыздардың командалық есебі қосылып анықталады.

Велоспорт бойынша Қазақстан Республикасының құрама командаларын жасақтау Халықаралық жарыстарға, Азия және Әлем чемпионаттарына, Азия және Әлем кубоктарына, Азия ойындарына қатысу үшін жас топтары бойынша анықталады:

- | | |
|--------------|--|
| 1 топ | Ерлер (2000 ж/т және одан жоғары); жеке жарыс, жұптық-топтық жарыс, көпкүндік жарыс, Критериум, Тау чемпионаты;
Әйелдер (2000 ж/т және одан жоғары); жеке жарыс, жұптық жарыс, топтық жарыс, Критериум, Командалық эстафета; |
| 2 топ | Андера ерлер 19-22 (2001-2004 ж.т.); жеке жарыс, жұптық-топтық жарыс, көпкүндік жарыс, Критериум, Тау чемпионаты;
Андера әйелдер 19-22 (2001-2004 ж.т.); жеке жарыс, жұптық жарыс, топтық жарыс, Критериум, Командалық эстафета. |
| 3 топ | 17-18 жас аралығындағы юниорлар (2005-2006 ж.т.); жеке жарыс, жұптық - топтық жарыс, көпкүндік жарыс, Критериум; Командалық эстафеталық жарыс
17-18 жас аралығындағы юниор қыздар (2005-2006 ж.т.); жеке жарыс, жұптық жарыс, топтық жарыс, Критериум; Командалық эстафеталық жарыс |
| 4 топ | 15-16 жас аралығындағы ұлдар (2007-2008 ж.т.); жеке жарыс, команда жарыс, топтық жарыс, көпкүндік жарыс, Критериум;
15-16 жас аралығындағы қыздар (2007-2008 ж.т.); жекелей жарыс, жұптық жарыс, топтық жарыс, Критериум; |

Барлық жас топтары бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық құрамаларына

үміткерлер тізімі келесілерден қалыптастырылды:

- жеңімпаздар мен жүлдегерлер: Қазақстан Республикасының Спартакиадасы, Қазақстан Республикасының Ұлттық чемпионаты, көпкүндік жарыстан Қазақстан Республикасының чемпионаты, Қазақстан Республикасының қысқы чемпионаты, Қазақстан Республикасының тау чемпионаты, Қазақстан Республикасының Кубогы, Критериум бойынша Қазақстан Республикасының Чемпионаты, Ерлер мен юниорлар арасындағы көпкүндік жарыстан Қазақстан Республикасының Чемпионаттары, Юниорлар арасындағы көпкүндік жарыстан Қазақстан Республикасының Чемпионаты, ерлер, юниорлар, ұлдар, әйелдер, юниор қыздар, қыздар арасында топтық, жекелей, командалық (жұптық-командалық), командалық эстафеталық және критериумды Қазақстан Республикасының чемпионаты.

- велоспорттан халықаралық жарыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері.

- велоспорттан республикалық жарыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері.

9. Медициналық-санитарлық қамтамасыз ету

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің велоспорт бойынша 2023 жылға арналған бұқаралық спорттық іс-шаралардың республикалық күнтізбесіне енгізілген барлық жарыстар үшін, ұйымдастырушы тиісті органның медициналық қызметін тағайындайды. Медициналық қызмет жарыс кезінде, тас жолдың мәре аймағында дәрігер мен медбике болуы керек.

Шосседе велоспорттан Қазақстан Республикасының чемпионаттарын және Қазақстан Республикасының кубоктарын өткізу кезінде дәрігер, медбике және жүргізуші бригадалары бар екі жедел жәрдем көлігі болуы міндетті.

Мұндай жедел жәрдем көлігі болмаған жағдайда жарыстар өткізілмейді.

Жарысшылардың ауыр жарақаты кезіндегі тиісті есепке алу-есептік құжаттаманы, актілерді ресімдеу, зардап шеккен жарысшыларды жақын жердегі травматологиялық пунктке уақтылы жөнелтуді қамтамасыз ету жарысқа қатысатын дәрігердің міндеті болып табылады.

Тек жарысқа қатысатын дәрігер ғана жарысшыны денсаулығына байланысты жарыстан шетте алады.

10. Допингке қарсы қамтамасыз ету

Спорттық жарыстардағы міндетті допинг-бақылау допингке қарсы күресетін халықаралық ұйым айқындаған және Халықаралық Олимпиада комитеті мойындаған спорттық жарысқа қатысушыларды тестілеудің халықаралық стандартының талаптарын сақтай отырып жүзеге асырылады.

Жарысқа қатысушылар WADA допингке қарсы кодексінің ережелерін сақтауы керек. WADA кодексінің ережелерін бұзған спортшылар жазаға тартылады.

Барлық допинг-бақылау хаттамалары Қазақстан велоспорт федерациясына жіберіледі.

11. Төрешілер алқасының сандық құрамы

Шосседегі велоспорт жарыстарына төрелік ету үшін Халықаралық велоспорт одағының (UCI) белгіленген ережелеріне сәйкес төрешілер алқасының келесі құрамы қажет:

Бас төреші	1
Бас төрешінің орынбасары	2
Қашықтықтың басшысы	1
Стартер	1
Мәре сызығындағы аға төреші	1
Мәре сызығындағы төреші	1
Бас хатшы	1
Стартер көмекшісі	1
Стартер көмекшісі (қолдау)	4
Электрондық хронометраж	3
Уақытты қолмен белгілеу	4

Бұрылыстағы төреші	4
Айналған шеңберді есептеу төрешісі	1
Велосипедті тексеру	2
Хатшы	2
Ақпарат беруші төреші	1
Марапаттау төрешісі	1
Қатысушылар жанындағы төреші	2
Мотоциклдегі төреші	2
«Жарыстың соңы» төрешісі	1
Барлығы:	36

Қазақстан Республикасының аумағында өткізілетін барлық шоссе велоспорт жарыстарына Қазақстан велоспорт федерациясы бекіткен негізгі төрешілер алқасы қызмет көрсетуі тиіс. Бас төрешілер алқасы шешуші дауысқа 5 (бес) төрешіден тұрады (бас төреші, 2 төреші, 3 төреші, стартер, мәре сызығындағы аға төреші). Қазақстан Республикасының аумағында өткізілетін барлық Қазақстан Республикасының чемпионаттарында, Қазақстан Республикасының Кубоктарында, халықаралық жарыстарда, оларды ұйымдастырушы кім болғанына қарамастан, бас төрешінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық төрешісі» санатынан төмен емес санатта болуы керек, ал қалған төрешілер «спорт төрешісінен» төмен емес санатта болуы керек.

12. Спорттық жарысқа қатысу үшін өтінімдер берудің тәртібі мен мерзімі

Нысан бойынша (№ 3 қосымша) ресімделген жарыстарға қатысуға арналған алдын ала өтінімдер Қазақстан велоспорт федерациясына info@cycling.kz электрондық поштасы арқылы жарыс басталғанға дейін 10 күннен кешіктірмей жіберіледі. Нысан бойынша (№ 4 қосымша) ресімделген жарысқа қатысуға қорытынды өтінім. Команданың әрбір спортшысының лицензиялары жарыс өтетін жердегі сенімхат комиссиясына тапсырылады. Өтінішті команданың өкілі Қазақстан велоспорт федерациясының лицензиясы болса, жеке өзі береді. Жарысқа енгізілген спортшылар стартқа қатысуы керек.

10 күннен кешіктірмей өздерінің жарыстарға қатысуы туралы алдын ала өтінім бермеген командалар жарысқа жіберілмейді.

Жарыстар кезінде спорт режимі мен спорттық этика нормаларын бұзғаны үшін (алкогольді ішімдік ішу, төрешілермен айтыс-тартыс жасау, төрешінің нұсқауларын орындамау, жарыс ережелерін бұзу және басқа да құқық бұзушылықтар) Қазақстан Велоспорт федерациясының комитеті келесі санкцияларды қолданады:

- қызмет көрсетуші персонал (жаттықтырушылар, өкілдер, механиктер және басқа да тұлғалар) тұрғылықты жері бойынша спорт ұйымының басшысына хабарламамен құрама өкілдігінен шығару.
- спортшыларды – тұрғылықты жері бойынша спорт ұйымының басшысына хабарлай отырып, жарыстарға қатысудан шеттету.
- қайталап бұзған жағдайда - Қазақстан велоспорт федерациясының Атқару комитетінің шешімімен 3 айдан 6 айға дейінгі мерзімге дисквалификация.

13. Қатысушылар мен төрешілерді қабылдау шарттары.

«Қазақстан Республикасының Мәдениет және Спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті» Республикасының спартакиадасын, Қазақстан Республикасының чемпионаттарын, Қазақстан Республикасының кубоктарын ұйымдастыруға, бақылауға және өткізуге байланысты шығындарды көтереді: жеңімпаздар мен жүлдегерлерді (медальдар, дипломдар мен кубоктар) марапаттау, төрешілерге арналған көлік жалға алу 3 бірлікке дейін (жеңіл автомобиль), баннерлер, төрешілерге сыйақы төлеу (жарыстарды өткізудің бекітілген мерзімдеріне сәйкес), сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік жаттықтырушының, бас және штаттық жаттықтырушыларының, штаттық құрама командасының жетекшісінің іссапар шығыстарын көтереді.

«Қазақстанның велосипед спорты федерациясы» РҚБ Қазақстан Республикасының чемпионаттарын, Қазақстан Республикасының кубоктарын, республикалық және халықаралық жарыстарды өткізуге байланысты шығындарды көтереді: фотофиништі дайындау және ресімдеу, жеке жалпы

классификацияға арналған велосипед жейделерін өндіру, жарысқа қатысушыларға және велосипедтерге нөмірлер, белсенді, қатысушылардың командаларының (техниктерінің) автокөліктеріне жапсырмалар мен нөмірлер жасау, көпкүндік жарыстардағы жарысшылардың таулы және басқа да номинациялары бойынша кезең саны мен көпкүндік жарыстарды өткізудің белгіленген ережелеріне, рация, арнайы техниканы тасымалдауға арналған көлік құралдарын жалға алуға, төрешелер алқасы мен фотофинишке қызмет көрсету маманды жіберуге (жол ақысы бару-қайту, күнделікті тамақтану, тұру ақысы) бойынша шығындарды көтереді.

Жергілікті атқарушы органдар мен спорт ұйымдары жарыс өтетін жерде шақыру билеттерін, плакаттарды, вымпелдерді дайындауға, жолдарды жөндеуге, жолдарды белгілеуге, еңбекақы төлеуге, арнайы техниканы орнатуға, арнайы техника мен қоршауларды тасымалдауға арналған көліктерді жалға алуға, жарыс өтетін орындарды дайындауға және безендіруге, сумен қамтамасыз етуге барлық шығындарды көтереді. және допинг-бақылау жүргізуге арналған бөлме жалға беру (дәрет бөлмесі бар жеке бөлме), жолсеріктерге ақы төлеу, жеңімпаздарды бағалы сыйлықтармен марапаттау, радиоавтомобильді жалға алу, жол полициясы бригадаларының ілесіп жүруін қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету, турнир беру, жарыс өтетін аумақ пен маршрутты қоршау, шектеуші жол белгілерін орнату, ұйымдастырушылардың сызбасы бойынша жарысты өткізу кезінде көлік құралдарын қою және жол полициясын алып жүру, жарыс өтетін жерде мүліктің сақталуын қамтамасыз ету, дәрігер, медбике және жүргізуші бригадасының 2 (екі) жедел жәрдем көлігіне медициналық көмек көрсету; тиісінше жол учаскесінің жарысқа әзірлігін қамтамасыз ету, ұйымдастырушылар мен ұйымдардың сызбасына сәйкес жол жөндеу, дайындық, абаттандыру, жалпы тазалау және жарыс өтетін аумақты тазалау, сөре және мәре учаскелерінде орындық және стол қамтамасыз ету, сөре мен мәре бойынша барлық шығындарды көтереді.

Команданың жол шығындарын (жол ақысы, тәуліктік жәрдемақы, тұру, тамақтану, автокөлік жалдау, велосипед сақтау қоймалары және т.б.), жіберуші ұйымдар (облыстық дене шынықтыру және спорт басқармалары, Алматы, Астана, Шымкент қалаларының республикалық маңызы бар қалалар және басқа да спорт ұйымдары) төлейді.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитеті бекіткен бұқаралық спорт түрлерінің, республикалық және халықаралық іс-шаралардың күнтізбелік жоспарына енгізілген барлық жарыстарда қатысушы командалардың құрамында 1 (бір) төреші болуы тиіс, жіберуші ұйымның шығындары есебінен.

Қазақстан Республикасының барлық ұлттық чемпионаттарында (тас жолдағы) жарыстардың мандаттық комиссиясына ұсынған төрешілерсіз жарыстарға қатысуға командалық өтінімдер қаралмайды. Бұл шарт бұзылған жағдайда команда жарысқа жіберілмейді.

Жарыс басталар алдында төрешілер дайындық семинарынан немесе нұсқамадан өтеді.

Аттестаттау комитетіндегі командалардың өкілдері жеке жарыста және командалық жарыста олармен бірге жүру үшін төрешілерді жариялайды.

14. Спорттық жарыстың чемпиондары мен жүлдегерлерді марапаттау тәртібі

Қазақстан Республикасы Спартакиадасының, Қазақстан Республикасы чемпионаттарының, Қазақстан Республикасы Кубоктарының чемпиондары мен жүлдегерлері (элита – ерлер, әйелдер; андералар 19 – 22 жас – ерлер, әйелдер; юниорлар мен юниор қыздар, 15-16 жас аралығындағы ұлдар және қыздар; 13-14 жас аралығындағы ұлдар және қыздар) бағдарламалардың барлық түрлері бойынша Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің I, II, III дәрежелі тиісті дипломдарымен және 1,2,3 орын медальдарымен марапатталады. Көпкүндік жарыста жеңімпаз командаға және жүлдегерлерге командалық есептің барлық кезеңдерінің қосындысы бойынша 1, 2, 3 орын үшін Кубоктар беріледі.

Марапаттау рәсіміне себепсіз келмеген жарысшылар дипломдар, медальдар мен кубоктардан айырылады.

15. Наразылық көрсету тәртібі және оны қарау

UCI халықаралық ережелеріне сәйкес (1.2.132-тармақ) наразылықтар қарауға қабылданбайды.

Жарыс барысында даулы мәселелер бойынша қабылданған төрешілер алқасының шешімдері жарысшылар мен команда өкілдеріне халықаралық ережелердің тиісті тармағына сілтеме жасай отырып түсіндіріледі.

Сайыс барысында төрешілер алқасына түскен айыппұлдар үшін қаражат жарыс хаттамасының коммюникесінде көрсетіледі, бұл қаражаттар жарыстың ұйымдастыру мәселелері бойынша жарыстар кезінде пайдаланылады.

Хронометраж кезіндегі ерекше жағдайларға қатысты барлық оқиғаларды төрешілер алқасы дереу қарауы керек.

Жарысшылардың жарыс ережесін бұзуы туралы ақпаратты, тек төрешілер алқасының мүшелерінен ғана қабылдайды.

Мәреде төреші анықтаған нәтижені өзгертуге қатысты даулы мәселелер қарастырылмайды.

16. Спорттық жарыстарға қатысушылар мен төрешілердің келу және қайту күндері

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті бекіткен спорттық-бұқаралық, негізгі республикалық және халықаралық іс-шаралардың күнтізбелік жоспарына енгізілген барлық жарыстарға қатысушы ұйымдар жарыс басталардан бір күн бұрын келуі, мандаттық комиссиядан өту және біліктілік жарыстарын өткізу үшін (қажет болған жағдайда) келіп, аяқталғаннан кейін немесе келесі күні, оның кеш аяқталуына байланысты кетуі керек.

Бас төреші мен бас хатшы жарыстың басталуына 48 сағат бұрын, ал жарыс директоры 72 сағат бұрын шақырылып, оларды ұйымдастыруға, бақылауға және өткізуге қатысты мәселелерді шешуі қажет.

Қосымша №1.

17.Бағалау кестесі.

Шәкіл Орын	бір	2	3	төрт	5	6	7
1	40	30	20	16	60/15	30/15	12
2	30	22	14	11	40/10	20/10	10
3	16	15	8	6	30/7,5	15/7,5	8
4	12	10	7	5			7
5	10	8	6	4			6
6	8	6	5	2			5
7	6	4	4				4
8	3	2	2				3
9	2	1	1				2
10	1						1

Қосымша №2.

Ерлер-әйелдер элитасының рейтингтік ұпайларын есептеу:

№1 шәкіл	- ҚРҰЧ, Таулы ҚРЧ жеке жарыста, көпкүндік жарыста жеке жарыстағы ҚРЧ.
№2 шәкіл	- Топтық және жеке жарыстардағы қысқы ҚРЧ - Критериум жарысы бойынша Қазақстан Республикасының чемпионаты
№3 шәкіл	- Жекелей және топтық жарыста Қазақстан Республикасының кубогы - Критериум бойынша Қазақстан Республикасының қысқы чемпионаты - Жекелей сында көпкүндікте республикалық жарыстар
№4 шәкіл	- топтық және жекелей жарыстардағы республикалық жарыстар; Критериум жарысында
№5 шәкіл	- Командалық жарыс, командалық эстафета бойынша Қазақстан Республикасының

	чемпионаты
№6 шәкіл	- жұптық – топтық жарыстағы Қазақстан Республикасының чемпионаты - Командалық эстафета бойынша Қазақстан Республикасының қысқы чемпионаты

17-18 жастағы юниорлар мен юниор қыздар үшін рейтингтік ұпайларды есептеу:

№1 шәкіл	- топтық және жеке жарыстардағы ҚРҰЧ.
№1 шәкіл	- Жекелей сынақта көпкүндік жарыстағы Қазақстан Республикасының чемпионаты.
№3 шәкіл	- Критериум жарысы бойынша Қазақстан Республикасының чемпионаты
№5 шәкіл	- Командалық жарыстағы Қазақстан Республикасының чемпионаты
№6 шәкіл	- жұптық жарыстағы Қазақстан Республикасының чемпионаты

15-16 жас, 13-14 жастағы ұлдар мен қыздардың рейтингтік ұпайларын есептеу.

№1 шәкіл	- Жекелей сынақта көпкүндік жарыстағы Қазақстан Республикасының чемпионаты
№2 шәкіл	- Критериум бойынша Қазақстан Республикасының чемпионаты, жекелей және топтық жарыс
№3 шәкіл	- Жекелей сынақта көпкүндікте республикалық жарыстар
№4 шәкіл	- топтық және жекелей жарыстардағы республикалық жарыстар; Критериум жарысында
№5 шәкіл	- Командалық жарыстағы Қазақстан Республикасының чемпионаты
№6 шәкіл	- жұптық жарыстағы Қазақстан Республикасының чемпионаты

18. 2023 жылға арналған шосседегі велоспорт бойынша бұқаралық спорттық іс-шаралардың күнтізбелік жоспары

№	Өткізу күндері	Өткізу орны	Спорттық шаралардың атауы
1	22.03-26.03. 2023ж	Түркістан облысы Шымкент қ.	Ерлер, әйелдер арасындағы Қазақстан Республикасының қысқы чемпионаты
2	22.03-26.03. 2023ж	Түркістан облысы Шымкент қ.	Юниорлар мен юниор қыздар арасындағы Қазақстан Республикасының қысқы чемпионаты.
3	11.04-16.04.2023 ж	Қызылорда қ.	Көпкүндік жарыстан юниорлар арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты
4	19.04-22.04.2023 ж	Қызылорда қ.	Юниор қыздар арасындағы көпкүндік жарыстан Қазақстан Республикасының чемпионаты.
5	08.05-09.05.2023 ж	АО, Талғар қ	Ерлер, әйелдер арасындағы Критериум бойынша Қазақстан Республикасының чемпионаты.
6	08.05-09.05.2023 ж	АО, Талғар қ	Критериум бойынша юниорлар мен юниор қыздар арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты.
7	26.05 -30.05.2023 ж	ШҚО, Өскемен қ	Ерлер арасындағы Қазақстан Республикасының тау чемпионаты (юниорларға рұқсат)
8	19.06-25.06.2023 ж	Талдықорған қ. ЖТО.	Ерлер, әйелдер, андерлер арасындағы Қазақстан Республикасының Спартакиадасы (жеке, топтық жарыс, аралас командалық эстафета (юниорлар мен юниор қыздарға рұқсат))

			19-22 жастағы андерлер арасындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық чемпионаты. Юниорлар мен юниор қыздар арасындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық чемпионаты (жеке, топтық жарыс) Жұптық және командалық жарыстан Қазақстан Республикасының чемпионаты (юниорлар, юниор қыздар) Паралимпиадалық ерлер мен әйелдер арасындағы ҚРҰЧ.
9	19.06-25.06.2023 ж	Талдықорған қ. ЖТО.	Командалық эстафетадан Қазақстан Республикасының чемпионаты (ерлер/әйелдер), рұқсат беріледі (юниорлар, юниор қыздар)
10	19.06-25.06.2023 ж	Талдықорған қ. ЖТО.	Юниорлар мен юниор қыздар арасындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық чемпионаты (жеке, топтық жарыс)
11	19.06-25.06.2023 ж	Талдықорған қ. ЖТО.	Жұптық, командалық жарыстан Қазақстан Республикасының чемпионаты (юниорлар, юниор қыздар)
12	03.07-09.07. 2023ж	Петропавл қ. СҚО	13-14 жас аралығындағы ұлдар мен қыздар арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты
13	03.07-09.07. 2023ж	Петропавл қ. СҚО	15-16 жас аралығындағы ұлдар мен қыздар арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты
14	19.08-27.08.2023 ж	ШҚО, Өскемен қ.	А.Құнанбаевқа арналған – «Абай жолы» көпкүндік жарыстан ерлер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты (аға юниорларға рұқсат)
15	18.09-23.09.2023 ж	Талдықорған қ. ЖТО.	15-16 жас аралығындағы ұлдар мен қыздар арасында көпкүндік жарыстан Қазақстан Республикасының чемпионаты
16	11.10-15.10.2023 ж	Шымкент қ., Түркістан облысы	Ерлер мен әйелдер арасындағы Қазақстан Республикасының Кубогы (юниорлар мен юниор қыздарға рұқсат).

2023 жылға арналған жол жарысы бойынша велоспорттан Қазақстан Республикасының Чемпионаттары мен Республикалық жарыстары туралы ережеге No 1 қосымша.
АЙМАҚТЫҚ ЖӘНЕ БАСҚА ҰЙЫМДАРМЕН ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАТЫН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУЛАР

№	Іс-шаралардың атауы	Өткізу күндері мен орны	Қатысатын ұйымдар	Төрешілер саны	Қабылдаушы ұйым
1	«15-16 жас ұлдар арасында Шымкент қаласының ашық чемпионаты» республикалық жарысы	23.03-26.03. 2023 ж. Шымкент қ.	ҚР аймақтарының командалары БЖСМ, ОҚБЖСМ	36	ОВФ ОДШСБ БЖСМ, ОҚБЖСМ
2	КСРО ЕССШ М.Сатыбалдиев жүлделеріне юниорлар аралығындағы республикалық жарысы (аға жасөспірімдер ұлдарға рұқсат)	27.03-31.03. 2023ж Қызылорда қ.	ҚР аймақтарының командалары БЖСМ, ОҚБЖСМ	36	ОВФ ОДШСБ БЖСМ, ОҚБЖСМ

3	Қаз КСР ЕСЖ В.З. Ли еске алуға арналған юниор қыздар республикалық жарысы (аға жасөспірімдер қыздарға рұқсат)	22.04-23.04. 2023ж Қызылорда қ.	ҚР аймақтарының командалары БЖСМ, ОҚБЖСМ	36	ОВФ ОДШСБ БЖСМ, ОҚБЖСМ
4	15-16 жас аралығындағы ұлдар мен қыздар арасындағы Республикалық жарысы	03.05-06.05.2022ж Атырау қ.	ҚР аймақтарының командалары БЖСМ, ОҚБЖСМ	36	ОВФ ОДШСБ БЖСМ, ОҚБЖСМ
5	ХДСШ Н.Бондаренконы еске алуға арналған ерлер арасындағы Республикалық жарысы (юниорларға рұқсат)	01.05-09.05.2023ж Талғар қ. А.О.	ҚР аймақтарының командалары БЖСМ, ОҚБЖСМ	36	ОВФ ОДШСБ БЖСМ, ОҚБЖСМ
6	КСРО СШ Е. Червоненконы еске алуға арналған 13-14 жастағы ұлдар мен қыздар арасындағы Республикалық көпкүндік жарысы	03.05-08.05. 2023ж Қызылорда қ.	ҚР аймақтарының командалары БЖСМ, ОҚБЖСМ	36	ОВФ ОДШСБ БЖСМ, ОҚБЖСМ
7	13-14; 15-16 жас аралығындағы ұлдар мен қыздар арасында «Жетісу шұғыласы» Республикалық жарысы	23.05-28.05. 2023ж Талдықорған қ.	ҚР аймақтарының командалары БЖСМ, ОҚБЖСМ	36	ОВФ ОДШСБ БЖСМ, ОҚБЖСМ
8	13-14 жас аралығындағы ұлдар арасында «Талғар классигі» Республикалық жарысы	31.05-03.06. 2023ж Талғар қ. АҚ	ҚР аймақтарының командалары БЖСМ, ОҚБЖСМ	36	ОВФ ОДШСБ БЖСМ, ОҚБЖСМ
9	13-14 жас аралығындағы ұлдар арасында «Олимпиада үміті» Республикалық көпкүндік жарысы	05.06-11.06. 2023ж Саран қ.	ҚР аймақтарының командалары БЖСМ, ОҚБЖСМ	36	ОВФ ОДШСБ БЖСМ, ОҚБЖСМ
10	13-14 жас аралығындағы ұлдар мен қыздар арасында «Астана Орманы» ЖШС жүлделері үшін Республикалық жарысы.	20.06-25.06. 2023ж Астана қ.	ҚР аймақтарының командалары БЖСМ, ОҚБЖСМ	36	ОВФ ОДШСБ БЖСМ, ОҚБЖСМ
11	Олимпиада чемпионы А.Винокуровтың жүлдесі үшін 15-16 жас аралығындағы ұлдар мен қыздар арасындағы Республикалық көпкүндік жарысы	19.06-25.06. 2023ж Петропавл қ.	ҚР аймақтарының командалары БЖСМ, ОҚБЖСМ	36	ОВФ ОДШСБ БЖСМ, ОҚБЖСМ
12	15-16 жастағы ұлдар мен қыздар арасындағы «Жас игеруші» республикалық көпкүндік жарысы.	30.07-04.08. 2023ж Астана қ.	ҚР аймақтарының командалары БЖСМ, ОҚБЖСМ	36	ОВФ ОДШСБ БЖСМ, ОҚБЖСМ
13	КСРО СШ, ҚРЕЖ А.И.Шураев жүлдесіне арналған 13-14; 15-16 жастағы ұлдар мен қыздар арасындағы көпкүндік республикалық жарысы	01.08-04.08.2023ж Орал қ.	ҚР аймақтарының командалары БЖСМ, ОҚБЖСМ	36	ОВФ ОДШСБ БЖСМ, ОҚБЖСМ

14	53-ші дәстүрлі көпкүндік «Қазақстан оқушысы» Республикалық жарысы (юниорлар)	01.08-11.08.2023 ж Өскемен қ. ШҚО	ҚР аймақтарының командалары БЖСМ, ОҚБЖСМ	36	ОВФ ОДШСБ БЖСМ, ОҚБЖСМ
15	13-14 жастағы ұлдар мен қыздар арасында А.Мартыновичті еске алуға арналған республикалық жарысы	22.08-27.08. 2023ж Петропавл қ.	ҚР аймақтарының командалары БЖСМ, ОҚБЖСМ	36	ОВФ ОДШСБ БЖСМ, ОҚБЖСМ
16	13-14 ; 15-16 жастағы ұлдар мен қыздар арасында «Третьяков Геннадий Сергеевичтің жұлдесі үшін» республикалық жарыс	11.09-15.09.2023 ж Талғар қ. АО.	ҚР аймақтарының командалары БЖСМ, ОҚБЖСМ	36	ОВФ ОДШСБ БЖСМ, ОҚБЖСМ
17	15-16 жастағы ұлдар мен қыздар арасындағы Р.С.Бадретдиновты еске алуға арналған көпкүндік Республикалық жарысы	10.09-15.09.2023 ж Қызылорда қ.	ҚР аймақтарының командалары БЖСМ, ОҚБЖСМ	36	ОВФ ОДШСБ БЖСМ, ОҚБЖСМ
18	13-14; 15-16; жастағы ұлдар мен қыздар арасындағы А.Кивилевті еске алуға арналған Критериумнен Республикалық жарыс	23.09-24.09 2023ж Талдықорған қ.	ҚР аймақтарының командалары БЖСМ, ОҚБЖСМ	36	ОВФ ОДШСБ БЖСМ, ОҚБЖСМ

2023 жылғы Қазақстан Республикасының чемпионаттары мен кубоктарының бағдарламалары.

**Ерлер, әйелдер арасындағы Қазақстан Республикасының қысқы чемпионаты.
Паралимпиадашылар арасындағы Қазақстан Республикасының қысқы чемпионаты.
22.03-26.03.2023 ж. Шымкент қ, Түркістан облысы.**

22.03.23	Мандаттық комиссиясы, төрешілер және команда өкілдерімен жиналыс
23.03.23	40 км командалық жарыс - ерлер, 25 км жұптық жарыс - әйелдер,
24.03.23	Жеке жарыс 25 км – ерлер, 25 км – әйелдер, 30 км жеке жарыс - Паралимпиадашылар арасында (ерлер мен әйелдер)
25.03.23	Топтық жарыс 120 км – ерлер; Топтық жарыс 80 км – әйелдер
26.03.23	Критериум 30 км әйелдер, 40 км Критериум ерлер.

**Юниорлар мен юниоркалар арасындағы Қазақстан Республикасының қысқы чемпионаты.
22.03-26.03.2023 Шымкент қ., Түркістан облысы**

22.03.23	Мандаттық комиссия, төрешілер және команда өкілдерімен жиналыс
23.03.23	Командалық жарыс 40 км – юниорлар, жұптық жарыс 25 км – юниор қыздар,
24.03.23	Жекелей жарыс 25 км юниорлар, 20 км юниор қыздар,
25.03.23	Юниорлар 100 км топтық жарыс; юниор қыздар 60 км топтық жарыс
26.03.23	Критериум 40 км юниорлар, Критериум 30 км юниор қыздар.

**Юниорлар арасындағы көпкүндік жарыстан Қазақстан Республикасының чемпионаты
11.04-16.04.2023 ж. Қызылорда қ, ҚЗО**

11.04.23	Мандаттық комиссия, төрешілер және команда өкілдерімен жиналыс
----------	--

12.04.23	1-кезең. Топтық – айналма жүгіру 80-100 км
13.04.23	2-ші кезең. Жеке жарыс 25 км
14.04.23	3-кезең. Топтық жарыс 100-110 км
15.04.23	4-кезең. Топтық жарыс 80-90 км
16.04.23	5-кезең. Критериум

**Юнир қыздар арасындағы көпкүндік жарыста Қазақстан Республикасының чемпионаты,
19.04-22.04.2023 ж. Қызылорда қ. ҚЗО**

19.04.23	Мандаттық комиссия, төрешілер және команда өкілдерімен жиналыс
20.04.23	1-кезең. 15 км жеке уақыттық сынақ.
21.04.23	2-кезең. Топтық – айналым 40 км
22.04.23	3-кезең. . Топтық жарыс 60 км

**Критериум бойынша ерлер мен әйелдер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты.
08.05-09.05.2023 ж. Талғар қ, АО.**

08.05.23	Мандаттық комиссия, төрешілер және команда өкілдерімен жиналыс
09.05.23	Критериумдегі ҚРЧ.

**Критериум бойынша юниорлар мен юниор қыздар арасындағы Қазақстан Республикасының
чемпионаты
08.05-09.05.2023 ж. Талғар қ, АО.**

08.05.23	Мандаттық комиссия, төрешілер және команда өкілдерімен жиналыс
09.05.23	Критериумдегі ҚРЧ.

Ерлер арасындағы Қазақстан Республикасының таулы чемпионаты (юниорларға рұқсат етіледі)

26.05.-30.05.2023 ж. Өскемен қ, ШҚО

26.05.23	Мандаттық комиссия, төрешілер және команда өкілдерімен жиналыс
27.05.23	1-кезең. Жеке жарыс
28.05.23	2-кезең. Топтық жарыс
29.05.23	3-кезең. Топтық жарыс
30.05.23	4-кезең. Топтық жарыс

Ерлер, әйелдер, андерлер арасындағы Қазақстан Республикасының Спартакиадасы (жекелей, топтық жарыс)

19-22 жасқа дейінгі андерлер арасындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық чемпионаты. Паралимпиадашылар (ерлер, әйелдер) арасындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық чемпионаты.

Юниорлар мен юниор қыздар арасындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық чемпионаты (жеке, топтық жарыс).

Командалық эстафета бойынша Қазақстан Республикасының чемпионаты

**А.Құнанбаевқа - «Абай жолы» арналған
Көп күндік жарыстан Қазақстан Республикасының чемпионаты
Ерлер (аға юниорларға рұқсат берілген)
19.08 – 27.08.23 Өскемен қ., ШҚО**

19.08.23	Келген күні, қазылар алқасының командалардың өкілдерімен кездесуі
20.08.23	Ашылу 1-кезең. Жеке жарыс
21.08.23	2-кезең. Топтық жарыс 140-150 км.
22.08.23	3-кезең. Топтық жарыс 110 км.
23.08.23	4-кезең. Топтық жарыс 100 км.
24.08.23	Демалыс күні
25.08.23	5-кезең Топтық жарыс 110 км.
26.08.23	6-кезең .Топтық жарыс 120 км
27.08.23	7-кезең. Шеңберлі-топтық жарыс 130 км

**15-16 жас аралығындағы ұлдар мен қыздар арасында көпкүндік жарыстан Қазақстан Республикасының чемпионаты
18.09-23.09.2023 ж. Талдықорған қ. ЖТО.**

18.09.23	Мандаттық комиссия, әділет органдарының командалар өкілдерімен отырысы
19.09.23	1-кезең. Ұлдар арасындағы 20 шақырымдық жеке жарыс 1-кезең .Қыздар арасындағы 20 шақырымға жеке жарыс
20.09.23	2-кезең. Ұлдар арасындағы 45 шақырымдық топтық жарыс 2-кезең. Қыздар арасындағы 25 шақырымдық топтық жарыс
21.09.23	Демалыс күні
22.09.23	3-кезең. Ұлдар арасында 50 шақырымдық топтық жарыс 3- кезең. 3-кезең. Қыздар арасындағы 35 шақырымдық топтық жарыс
23.09.23	4. кезең. Ұлдар арасында топтық жарыс. 4. кезең. Қыздар арасындағы топтық жарыс.

**Ерлер мен әйелдер арасында Қазақстан Республикасының Кубогы
(юниор мен юниор қыздарға рұқсат берілген).
11.10-15.10.2023 Шымкент қ., Түркістан облысы**

11.10.22	Мандаттық комиссия, әділет органдарының командалар өкілдерімен отырысы
12.10.22	ҚРК Ерлер 25 км жеке жарыс ҚРК Әйелдер 20 шақырымға жеке жарыс
13.10.22	ҚРК Командалық жарыс ерлер - 40 км, командалық жарыс - 20 км әйелдер
14.10.22	ҚРК Әйелдер арасындағы 80 км топтық жарыс
15.10.22	ҚРК Ерлер арасында 120 км топтық жарыс

Жарыс хаттамасының үлгісі

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
СПОРТ ЖӘНЕ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ КОМИТЕТІ
ҚАЗАҚСТАН ВЕЛОСИПЕД СПОРТЫ ФЕДЕРАЦИЯСЫ
СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ЖӘНЕ СПОРТ БАСҚАРМАСЫ
ӨТКІЗЕТІН ҰЙЫМ**

ЮНИОРЛАР АРАСЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЧЕМПИОНАТЫ

ЖЕКЕ ЖАРЫС

НӘТИЖЕЛЕР

Петропавл, Новокаменка – Архангелька тас жолы

Күні: 25 маусым 2021 жыл

Басталу уақыты: 12.00

Қашықтық: 18 км

Орын	Жарыс с. №.	UCI коды	Спортшы Т.А.	Обл	Нәтиже	Артта қалу	Орташа жылдамдық км/сағ
1	17	KAZ19970810	Тұрар Асылхан	ҚЗО	22.43		47,54
2	72	KAZ19980604	Пронский Вадим	АСТ	22.50.5	00.07.4	47.28
3	36	KAZ19970530	Овсянников Александр	СҚО	23.03.2	00.20.1	46,85
4	65	KAZ19980721	Ұлысбаев Дінмұхаммед	ЖБЛ	23.21.4	00.38.3	46.24
5	7	KAZ19970117	Жұмакан Әлішер	АЛМ	23.31.7	00.48.6	45,90
6	8	KAZ19970320	Усманов Ислам	АЛМ	23.34.2	00.51.1	45,82
7	74	KAZ19980101	Иманжүсіпов Марат	АСТ	23.34.3	00.51.2	45,82
8	29	KAZ19980518	Горбушин Илья	ПВЛ	23.49.6	01.06.5	45.33
9	35	KAZ19970611	Вяткин Кирилл	СҚО	23.54.7	01.11.6	45.17
10	52	KAZ19970114	Шустов Нияз	АО	24.10.5	27.01.4	44,67
11	14	KAZ19981004	Бузин Карим	ҚЗО	24.38.4	01.55.3	43,83
12	37	KAZ19980410	Турлин Арман	СҚО	24.39.8	01.56.7	43,79
13	28	KAZ19980501	Соколов Никита	ПВЛ	24.49.8	02.06.7	43.50
14	56	KAZ19970818	Садықов Олжас	АО	24.56.9	02.13.8	43.29
15	73	KAZ19980516	Қуат Тимур	АСТ	24.57.6	02.14.5	43.27
16	54	KAZ19980608	Сафаров Ерік	АО	25.00.7	02.17.6	43.18
17	76	KAZ19970120	Сатликов Максим	АСТ	25.16.4	02.33.3	42,73
18	6	KAZ19970803	Жубрин Никита	АЛМ	25.17.9	02.34.8	42,69
19	66	KAZ19980414	Хаджи Дурсун-Оғлы Гул	ЖБЛ	25.32.9	02.49.8	42.27
20	58	KAZ19981228	Жайлыбай Дамир	АО	25.42.4	02.59.3	42.01
21	55	KAZ19980306	Жақсылықов Адлет	АО	25.53.5	03.10.4	41,71
22	38	KAZ19980605	Казаченко Павел	СҚО	25.56.4	03.13.3	41,63
23	75	KAZ19970616	Стрельник Станислав	АСТ	26.01.2	03.18.1	41.51
24	64	KAZ19970708	Заманбек Нарул	ШҚО	26.01.6	03.18.5	41.50
25	12	KAZ19970907	Рязанов Константин	ҚЗО	DQ		

Жарысты бастаған жарысшылар: 25

№1 коммюнике: №12 жарысшы Рязанов Константин - дисквалификация, 2.4.17-бап (ұзақ уақыт көліктің артында болу)

Бас төреші

Бас хатшы

Жарыс басталғанға дейін 10 күннен кеміктірмей жіберіңіз: info@cycling.kz

ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУҒА АЛДЫН АЛА ӨТІНІМ

« _____ » _____ 2023 жылы _____ командасынан

№	Тұлға №	Тегі, аты	Туған күні (күні, айы, жылы)	Спорттық атағы	Спорттық ұйым	Жағтықтырушының Тегі, Аты, Өкесінің аты
1						
2						
3						
4						
5						
6						
7						
8						
9						
10						
11						
12						
13						
14						
15						
16						
17						
18						
19						
20						
21						
22						

Команда өкілі _____
 Жағтықтырушы _____
 Механик _____
 Төреші _____

